


Бекітілді: 
№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасының
педагогикалық кеңес шешімімен бекітілді.
меңгерушісі: Р.Ж. Урынбаева.
31.08.2022жыл.

**2022-2023 оқу жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке
дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ортаңғы топ балаларына
арналған Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

2022-2023 оқу жылы

Қыркүйек	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Қазақ тілі(аптасына 1 сағат)	Тілдік дамытушы орта. Қазақ тіліне тән дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, сұрақтарға жауап беруге, сәлемдесуде, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Баланың сөздік қорын дамытуда,санамақтар, тақпақтар,жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Сөздерді байланыстырып үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, қ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздікқор.Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе»,«аға»,«апа»,«іні»,«қарындас»), көкөніс-жемістердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру, санамақтар жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету.
Қазан	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Қазақ тілі(аптасына 1 сағат)	Тілдік дамытушы орта. Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, қ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздікқор.Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе»,«аға»,«апа»,«іні»,«қарындас»), көкөніс-жемістердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру, санамақтар жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету. Байланыстырып сөйлеу.Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Дербес әрекеттерде ауызекі сөйлеуге бірлескен әрекеттерді туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелеуге сұрақтарға жауа береді.

Қараша	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Қазақ тілі (аптасына 1 сағат)	Тілдік дамытушы орта. Ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу. Сөйлеудін дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Тұрмыстық заттардың, жиһаз, киімнің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратуға баулу. Байланыстырып сөйлеу. Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Дербес әрекеттерде ауызекі сөйлеуге бірлескен әрекеттерді туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелеуге сұрақтарға жауап береді.
Желтоқсан	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Қазақ тілі (аптасына 1 сағат)	Тілдік дамытушы орта. Өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудін дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттай айтып беруге баулу. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру.

Қаңтар	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Қазақ тілі (аптасына 1 сағат)	Тілдік дамытушы орта. Ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу. Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, ұ, Ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулуды жалғастыру. Сөздік қор. Тұрмыстық заттардың, киіз үй жиһазы атауларын айту және жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
Ақпан	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Қазақ тілі (аптасына 1 сағат)	Тілдік дамытушы орта. Артикуляциялық және дыбыстық аппараты дамыту. Дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.

Наурыз	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Қазақ тілі(аптасына 1 сағат)	Тілдік дамытушы орта. Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу. Таныс ертегілер мен шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейінен өздігінен қайталап айтуға баулу. Ересектермен бірге ертегілерді ,қарапайым көріністерді ойнауға,бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды,кейіпкерлердің эмоцинолды образын беруге баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Тұрмыстық заттардың, (киіз үй жиһазы) атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда жаңылтпаштарды жаттауға баулу Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу жалғастыру (бар, кел, айт). Байланыстырып сөйлеу. Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
Сәуір	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Қазақ тілі (аптасына 1 сағат)	Тілдік дамытушы орта. Өзбетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. Ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамытуды жалғастыру. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйретуді жалғастыру Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу..

Мамыр	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Қазақ тілі (аптасына 1 сағат)	Тілдік дамытушы орта. Сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету бекіту. Байланыстырып сөйлеу Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу
-------	-----------------------------------	-------------------------------	--